**Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын атап өтуге әзірлік жөнінде**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 6 наурыздағы N 3860 Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

1. Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын атап өту мерзімі 2000 жылға ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіп бойынша Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын атап өтуді ЮНЕСКО-ның 2000 жылға арналған Атаулы және мерекелік даталар күнтізбесіне енгізу туралы ЮНЕСКО-ға өтініш жасасын.

ЕСКЕРТУ. 1,2-тармақтар өзгертілді - ҚР Президентінің 2000.01.10. N 113 өкімімен.

3. Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын әзірлеу және өткізу жөніндегі Республикалық мерекелік комиссияның дербес құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Республикалық мерекелік комиссия 2000 жылғы 15 наурызға дейін Түркістан қаласының мерейтойын әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынатын болсын.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Президентінің 2000.01.10. N 113 өкімімен.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 6 наурыздағы N 3860 өкіміне қосымша**

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2000.01.10. N 113 өкімімен.

**Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын әзірлеу**
**және өткізу жөніндегі республикалық мерекелік**
**комиссияның құрамы**

Тоқаев Қасымжомарт - Қазақстан Республикасының Кемелұлы
Премьер-Министрі, комиссия
төрағасы

Сәрсенбаев Алтынбек - Қазақстан Республикасының Сәрсенбайұлы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрі,
комиссия төрағасының
орынбасары

Сапарбаев Бердібек - Оңтүстік Қазақстан
Машбекұлы облысының әкімі, комиссия
төрағасының орынбасары

Қасейінов Дүйсен - Қазақстан Республикасының Қорабайұлы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігі
Мәдениет комитетінің
төрағасы, комиссияның
жауапты хатшысы

**Комиссия мүшелері:**

Аманшаев Ермек - Қазақстан Республикасының
Әмірханұлы Премьер-Министрі Кеңсесінің
Аймақтық даму және әлеуметтік
сала бөлімі бастығының
орынбасары - әлеуметтік сала
секторының меңгерушісі

Әметұлы Өмірзақ - Түркістан қаласының әкімі

Байпақов Карл - Қазақстан Республикасының
Молдахметұлы Білім және ғылым министрлігі
А.Х.Марғұлан атындағы
археология институтының
директоры

Уәлиханов Шота - Қазақ Тарих және мәдениет Ыдырысұлы
ескерткіштерін қорғау қоғамы
Орталық Кеңесі

төралқасының төрағасы
(келісім бойынша)

Жұрынов Мұрат Жұрынұлы - Қожа Ахмет Иассауи атындағы Халықаралық университетінің президенті (Түркістан қаласы)

Қозыбаев Манаш Қабашұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры

Көшербаев Қырымбек Елеуұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

Мергенов Еркін Тілекұлы - Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы (келісім бойынша)

Оразалин Нұрлан Мырқасымұлы - Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы (келісім бойынша)

Шоқпытов Андар Мәулешұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Аймақтық даму және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК